

Имандылық иірімдері

ЗЕКЕТ ТУРАСЫНДА

Бисмиллаһи-р-рахмани-р-Рахим!

Мұсылманшылық парыздарының бірі—зекет беру. Балиғатқа жасы толған, басы азат, есі бүтін әр мұсылманға мал-жанына, дүние-мүлкіне зекет беру — парыз.

Халқымыздың біртуар перзенті, әйгілі ағартушы, дарынды жазушы Ыбырай Алтынсариннің «Мұсылманшылықтың тұтқасы» атты еңбегі 1884 жылы Қазан қаласында араб әрпімен жарық көрген. Сол кітапта зекет турасында былай дейді: «Малға берілетін зекеттің шамасы: түйе малының бестен кеміне зекет жоқ, ал бес түйеден тоғыз түйеге дейін — бір қой. Отыз алтыдан қырық алтыға дейін — бір інген. Қырық сиырға — бір құнан өгіз. Қой-ешкінің қырықна — бір қой, не ешкі. Жылқының жүзіне — бір жылқы беріледі. Асыл бұйым, алтынның жиырма мысқалдан кеміне зекет парыз емес, **жиырма** мысқал алтынға жарым мысқал алтын беру уәжіб».

Ал, біздің бүгінгі заманның қоралап қой, үйір-үйір жылқы, табынтабын сиыр айдап отырған адамдары

мал-жанына зекет беруді ескере ме екен? Ондай адамдар қанша жерден заман қиын десек те аудан көлемінде баршылық. Аудан басындағы «тасбаз» бен «саяхатты» алып отырған Тілеуқабыл мырза, Талдыны тұтасымен алған М. Сәдуақасов, Кеншоқыдағы отар-отар қой айдаған Қ. Мусин, мың жылқыны бір өзі иеленген М. Мананбаев, бұрынғы пионер лагерін алған Қ. Күлейменов, Сарыөзекті ен жайлаған Қ. Әміров, Батықтағы Ж, Әлімқанов, Дариядағы К, Сүлейменов, шеттегі Ж, Әбеуовтер зекет беріп мешітті қаржыландырып жатса, міскін, мүсәпір, ғаріп-қасерлерге сауап болар еді.

бұйрығы» —дейді Ы. Алтынсарин аталмыш кітабында.

Ал, белгілі Шортанбай Жырау; «Зекетсіздің малы сүндетсізге бұйырар, түбіт ауыз түкті кәпірге бұйырар» —деген екен.

Мұсылмандық парызымызды ұмытпайық, ағайын.

Ж. ҚҰТЖАНОВ,
ауыл ақсақалы.